

«Гүлдәурен-7» бөбекжай-бақшасы



2023-2024оқу жылына арналған психологтың

Мамыр айына арналған жұмыс жоспары

Психолог: Усенова Гулназ Маратовна

Педагог-психологтың мамыр айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыстың түрі	Жас тобы	Күні
1	Түзету дамытушылық	«Сәлеметсің бе,құм?»	Ортаңғы топ (3-4жас)	02.05.2024
2	Түзету дамытушылық	Құмды жауын	Ересек топ (4-5жас)	03.05.2024
3	Психодиагностика	«Мені қайтала» және «доп»ойыны	Ересек топ (4-5жас)	06.05.2024
4	Түзету дамытушылық	«Құмды жел»	Ортаңғы топ (3-4жас)	08.05.2024
5	Психологиялық ағарту	«Сәлем қоян»	Ересек топ (4жас)	10.05.2024
6	Түзету дамытушылық	«Жолдар»	Ересек топ (4-5жас)	13.05.2024
7	Психологиялық ағарту	«Ұлу»	Ересек топ (4-5жас)	14.05.2024
8	Психологиялық ағарту	«Түске қолынды соз»	Ересек топ (4-5жас)	15.05.2024
9	Психологиялық ағарту	«Поезд»ойыны	Ортаңғы топ (3-4жас)	16.05.2024
10	Түзету дамытушылық	Ерекше іздер	Ортаңғы топ (3-4жас)	17.05.2024
11	Психологиялық ағарту	«Мен және Біз»	Ата аналар	20.05.2024
12	Психологиялық ағарту	«Бес санын шапалақта»ойыны	Ересек топ (4-5жас)	21.05.2024
13	Психологиялық ағарту	«Кім сені шақырады,тап»ойыны	Ересек топ (4-5жас)	22.05.2024
14	Психологиялық ағарту	«Әрқашан күн сөнбесін»	Ортаңғы топ (3-4жас)	23.05.2024
15	Психологиялық ағарту	«Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»	Педагогтар	24.05.2024
16	Психодиагностика	«Ойыншықтар»	Ортаңғы топ (3-4жас)	27.05.2024
17	Психодиагностика	«Жасырынған заттар»	Ересек топ (4-5жас)	28.05.2024
18	Психодиагностика	«Жүк машинасы»	Ересек топ (4-5жас)	29.05.2024
19	Психологиялық- педагогикалық ағарту	«Көңіл-күйді көтеретін қағаз»	Балабақша қызметкерлері	30.05.2024

20		Мамыр айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару		31.05.2024
----	--	---	--	------------

Бекітемін:

« »балабақшасының

меңгерушісі:

« » 2024жыл

2024 жылдың мамыр айына (02.05-03.05) арналған
педагог-психологтың циклограммасы І- АПТА

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар
Бейсенбі	08.30-09.00	«Сәлеметсің бе,құм?»
Түзету дамытушылық	09.00-12.00	Ортаңғы топ(3-4жас)
	12.00-13.00	Құжаттармен жұмыс
Жұма	08.30-09.00	Құмды жауын
Түзету дамытушылық	09.00-12.00	Ересек топ (4 -5жас)
	12.00-13.00	Құжаттармен жұмыс

Хаттама

Топтың аты: Ортаңғы тобы

Тексерілген күні: 02.05.2024

Балалар саны: 20

Қатысқаны: 12

Қатыспағаны: 8

Әдістеме: «Сәлеметсің бе, құм!»

Мақсаты: психофизикалық қауырттықты төмендету.

Жабдық: Құмжәшік.

Ойын барысы: Психолог әр түрлі «құммен сәлемдесуді» өтінеді, яғни әр түрлі әдістермен құмға қол тигізу. Бала:

- кезекпен қолының саусақтарымен құмға қол тигізеді, содан соң екінші қолымен, содан барлық саусақтарымен бір мезгілде қол тигізеді ;
- жеңіл/ қауырттылықпен құммен жұдырықтарын қысады, содан соң баяу оны құмжәшікке төгеді;
- құмға бар алақанымен- ішкі, содан соң сыртқы жақтарымен жанасады;
- құмды саусақтары, алақандары арасымен уқалайды.

Соңғы жағдайда құмға кішкене ойыншықты тығып қоюға болады: «Сенімен құм тұрғындарының бірі сәлемдескісі келеді — ...»

Үлкен балалар өз сезімдерін салыстырып және сипаттайды: «жылы — суық», «жағымды — жағымсыз», «тікенді, кедірлі» және т.б.

Қорытындысы:

Ортаңғы тобына Құм терапиясынан «Сәлеметсің бе, құм!» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Балаларға құммен жұмыс жасаған ұнады.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

Хаттама

Топтың аты: Ересек тобы
Тексерілген күні: 03.05.2024
Балалар саны: 20
Қатысқаны: 18
Қатыспағаны: 2
Әдістеме: «Құмды жауын»

Мақсаты: бұлшық ет күшін реттеу, босаңсу.

Жабдықтар: Құм жәшік.

Ойын барысы: Психолог: ертегі әлемінде ерекше құм жауыны жауып және құм желі есуі мүмкін. Бұл өте жағымды. Сендер өздерің осындай жауын мен желді істеулеріңе болады. Қараңдар, бұл қалай болады. Бала жайлап, содан соң жылдам құмды өз жұмырдығынан құмжәшікке ересектердің алақанына, өз алақанына шашады. Бала көзін жауып және құмға саусақтарын ашып алақанын қояды, ересек адам қандай да бір саусағына құм себеді, ал бала осы саусақты атайды. Содан соң олар рөлдерімен ауысады.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы қатысты. Ересек тобының белсенділігі есте сақтауы, ойлау қабілеті, қабылдауы жақсы дамыған.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

2024 жылдың мамыр айына (06.05-10.05) арналған
педагог-психологтың циклограммасы II- АПТА

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі	08.30-09.00	«Мені қайтала» және «доп» ойыны
Психодиагностика	09.00-12.00	Ересек топ (4-5 жас)
	12.00-13.00	Құжаттармен жұмыс
Сәрсенбі	08.30-09.00	«Сәлем қоян»
Психологиялық ағарту	09.00-12.00	Ересек топ
	12.00-13.00	Құжаттармен жұмыс
Жұма	08.30-09.00	«Құмды жел»
Түзету дамытушылық	09.00-12.00	Ортаңғы топ
	12.00-13.00	
		Құжаттармен жұмыс

Хаттама

Топтың аты: Ересек топ

Тексерілген күні: 06.05.2024

Балалар саны: 20

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 4

Әдістеме: Мені қайтала және доп ойыны

Мақсаты: Қимылды дамыту

Нұсқауы:

Тапсырмада ересек адам берген модель бойынша қарапайым қимылдарды, қалыптарды және доппен әрекеттерді қайталауға арналған тапсырмалар бар. Жалпы моториканың даму деңгейін анықтайды.

Қорытындысы:

Ересек топ балаларына психодиагностика жұмыстар жүргізілді. Балалар қызығушылығын арттырды. Балалар өте белсенділік танытып қарапайым қимылдарды және доппен әрекеттерді қайталауға арналған тапсырмаларды жақсы орындап шықты.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

Хаттама

Зерттеуші топ: Ересек топ

Зерттеу уақыты: 08.05.2024

Балалар саны: 20

Қатысқандар: 15

Қатыспағандар: 5

Ойын: «Сәлем қоян» ойыны

Мақсаты: Үрей сезімімен танысу, оны ым-ишарамен, пантомимикамен көрсету.

Тренер: Сәлеметсіздер ме, балалар? Бүгін бізге қонаққа жаңа қаһарман келді. Ол сондай қорқақ, бізден жасырынып қалды. Қазір сендерге бейнелеймін, ал сендер кім екенін табыңдар! Қоянның қалай секіретінін, сәбізді қалай жейтінін, қолын, құлағын көрсетеді.

Балалар: Қоян, қоян

Психолог: Дұрыс таптыңдар. Жарайсыңдар! Ал, қоян неден қорқады?

Балалар: Қасқырдан, түлкіден қорқады.

Психолог: Ендеше мен қасқыр, түлкі болып көрейін. Сендер қорқақ қоян болып көріңіздер.

Балалар: Қасқырды, түлкіні көріп дірілдейді. Қорыққан, үрейленген сезімді көрсетеді.

- Жоооқ, мен неге қорқуым керек! - деп қолын беліне таянып, алға қарай бір адым басып, Мен қасқырдан қорықпаймын! Мен түлкіден қорықпаймын! - деп батылданады.

Психолог: Ойыйййй жарайсың қоянжан. Сен өте мықты қоян екенсің ғой.

Ендеше «**Қоян**» жаттығуы жаттығуын жасайық.

Қоян-қоян- балалар қоянның отырғанын көрсетіп секіреді.

Кішкентай қоян-қолын еденнен қашықтау көрсетіп жүресінен отырады.

Ұзын құлақ- балалар қолдарымен құлақты көрсетеді.

Жылдам аяқ-Жүгіреміз

Қоян-қоян қимыл қайталанады.

Кішкентай қоян Сыбдырдан қорқасың,

Балалар қолдарын бүрістіріп, үрейді бейнелейді.

Қоян-қоян- дірілдейді.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Сәлем Қоян» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалардың ойлау қабілеті жақсы дамыған.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

Хаттама

Топтың аты: Ортаңғы топ
Тексерілген күні: 10.05.2024
Балалар саны: 20
Қатысқаны: 16
Қатыспағаны: 4
Әдістеме: «Құмды жел»

Мақсаты: дем алу –дем шығаруды қалыптастыру.

Жабдықтар: Құмжәшік, коктейль үшін түтікше.

Ойын барысы: Сәбилер оған құмды тартпай, түтікше арқылы демалуға үйренеді. Балаларға алдымен өз достарына жағымды тілектер айтуын ұсынуға болады, «оны құмға үрлеп » құм әлеміне тілек сыйлау, сонымен бірге құм үстінде шұңқырды пайда болғанша үрлеу. Осы ойындарға коктейльге арналған бір рет пайдаланатын түтікшелерді қолдануға болады. Осы жаттығуларды хош иіс терапиясымен құрамдастыруға болады (бірақ хош иіс терапиясын осы бағытта арнайы дайындықтан өткен психологтар пайдалануға құқығы бар). Бала өзіне арнайы таңдалған хош иіс қоспасы (сергітетін немесе босаңсытатын) иісімен дем алады. Бала демді сыртқа шығарғанда өз алақанындағы құмға жеңіл үрлейді, ондағы құмды құмжәшікке үрлеуде.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы араласты. Ерте жас тобына демді сыртқа шығарғанда өз алақанындағы құмға жеңіл үрлейді, ондағы құмды құмжәшікке үрлеудіде үйренді.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

2024 жылдың мамыр айына (13.05-17.05) арналған

педагог-психологтың циклограммасы III- АПТА

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі	08.30-09.00	«Жолдар»
Түзету дамытушылық	09.00-12.00	Ересек топ(4-5жас)
	12.00-13.00	Құжаттармен жұмыс
Сейсенбі	08.30-09.00	«Ұлу»
Психологиялық ағарту	09.00-12.00	Ересек топ (4-5 жас)
	12.00-13.00	Құжаттармен жұмыс
Сәрсенбі	08.30-09.00	«Түске қолынды соз»
Психологиялық ағарту	09.00-12.00	Ересек топ(4-5жас)
	12.00-13.00	Құжаттармен жұмыс
Бейсенбі	08.30-09.00	«Поезд» ойыны
Психологиялық ағарту	09.00-12.00	Ортаңғы топ(3-4жас)
	12.00-13.00	Құжаттармен жұмыс
Жұма	08.30-09.00	Ерекше іздер
Түзету дамытушылық	09.00-12.00	Ортаңғы топ (3-4жас)
	12.00-13.00	Құжаттармен жұмыс

Хаттама

Топтың аты: Ересек топ
Тексерілген күні: 13.05.2024
Балалар саны: 20
Қатысқаны: 18
Қатыспағаны: 2
Әдістеме: «Жолдар»

Мақсаты: Түс, пішін, көлем, жауындықты анықтап, абстрактылау, заттарды аталған ерекшеліктері бойынша салыстыра білу қабілеттерін дамыту.

Материал: Логикалық блоктар, үш үйшік (үйшіктердің суреттер немесе макеттері не олардың шартты белгілері).

Мазмұны

I

Еденде бір-бірінен бір метр қашықтықта шеңбер бойында Наф-Наф, Ниф-Ниф және Нуф-Нуфтың үйлері, яғни үш үй орналасқан, осы үйлердің арасына торайларға бір-біріне қонаққа бару үшін ыңғайлы болатын жолдар салу керек, бірақ жолдарды қалай болса, солай емес, ережемен салу керек.

Бірінші жолды қалай салу керектігін ересек адам ұсынады. Мысалы, былайша, жолды салғанда оның жанында бір түсті фигуралар болмауы керек.

Балалар кезекпен блоктарды сала бастайды. Кімде кім қателікті байқаса, осы қате блокты өзіне алады. Осындай блокты көп жинаған бала құрылысты бірінші болып бастау құқығына ие болады. Ол қандай үйлердің арасына жол салынатынын таңдайды.

Әрбір жаңа жолды мүмкіндігінше жаңа ережемен салу керек. Жолдарды жанында бір түсті, не бір көлемді не бірдей жуандықты фигуралар қатар келмейтіндей етіп салу керек.

Балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін ересек адам ойын тапсырмасын ауыстырып отырады: өзеннен өтетін көпір салу, фигуралардан жаңа жылдық гирляндар жасау, блок-вагондардан поезд құрастыру сияқты

т.б. (мектеп жасына дейінгі ересектер тобында балалар жолдарды салмай, оны қағаз беттерін түрлі-түсті етіп тізбектер, көпірлер салуларына болады).

II

Жолдарды салудың ережесі қиындай түседі. Балалар тапсырманы орындау барысында бірден екі ерекшелікке бейімделулері қажет: жолды салғанда жанында бір түсті фигуралар болмағандай, бірақ пішіндері әртүрлі фигуралар болғандай етіп салу керек (пішіндері біркелкі, түстері әртүрлі; көлемдері бірдей, ал пішіндері әртүрлі; пішіні мен түстері әртүрлі; түстері мен көлемдері әртүрлі және т.б.). жолдарды салудың ережелерін ересектер ғана емес, балалардың өздері де ойлап құраулары керек.

III

Жол салудың ережелері одан сайын қиындай түседі: үш ерекшеліктерді ескеру қажет болады: жолды салғанда оның жанында фигуралар бір түсті бірақ пішіндері мен көлемдері әртүрлі болуы керек; пішіндері біркелкі, ал түстері мен көлемдері әртүрлі; түстері мен көлемдері бірдей, бірақ пішіндері әртүрлі; түсі, пішіні, көлемі әртүрлі және т.б.

Ересектер ереже құрудағы балалардың шығармашылықтары мен белсенділіктерін назардан тыс қалтырмайды, оларға ойынның жаңа тапсырмаларын ұсынып отырады.





Мектеп жасына дейінгі ересек топтар жолдарды не басқа да тапсырма бойынша берілгендерді салмай, дәптерлеріне суреттерін сала алады.

Қорытындысы:

Ересек топ «Жолдар» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Балалардың қабілеттері өте жақсы дамыған.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____



Хаттама

Зерттеуші топ: Ересек топ

Зерттеу уақыты: 14.05.2024

Балалар саны: 20

Қатысқандар: 20

Қатыспағандар:

Ойын: «Ұлу» ойыны

Мақсаты:

Өн ырғағымен баланың саусақ жаттығуларын, өз бетімен орындауына дайындап, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Қол моторикасының қалыптасуын және саусақ қозғалысының еркіндігін меңгерту.

Нұсқау:

Саусақтардың көмегімен «Ұлу» өлең – тақпақ шумақтарын, әндетіп орындау арқылы қолдың негізгі қызметін жаттықтыру. Саусақтармен әртүрлі позициядағы жаттығулар жасау, музыка тыңдау дағдыларын қалыптастыру.

Саусақ ойын жаттығулары мен тапсырмалары арқылы, баланың білім-білік дағдыларын күнделікті іс-әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады.

Ұлу

Бір қолда гүл, екінші қолда ұлу

Ұлу мүйіздерін қозғайды,

Гүлге өрмелейді,

Жапырақтарды кеміріп,

Тығылады да ұйықтайды.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Ұлу» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалардың ойлау қабілеті жақсы дамыған.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____



Хаттама

Зерттеуші топ: Ересек топ

Зерттеу уақыты: 15.05.2024

Балалар саны: 20

Қатысқандар: 16

Қатыспағандар: 4

Ойын: «Түске қолынды соз» ойыны

Мақсаты: Зейінді дамытып, эмоциялық қалыпты жақсарту.

Психолог: Әртүрлі үрленген шарларды біріктіріп балалардан түстерін сұрайды.

Балалар: Қызыл түсті шар, Көк түсті шар, Сары түсті шар, Жасыл түсті шар. Балалар шарлардың түстерін атап береді.

Психолог: Балалар қараңдаршы, қандай әдемі түстер. Түрлі түсті шарлар керемет көңіл күй сыйлайды екен.

Ендеше балалар «Сабын көпіршіктері» ойынын ойнайық

Мақсаты: Топтағы біріккендікті, зейінді дамыту, эмоциялық серпінді бақылау.

Психолог: Балалар шеңбер болып, бір-біріне тығыз орналасады. Қолындағы сабын көпіршігін үрлейді. Балалар үрленген сабын көпіршіктеріне қуана қол созады. Үрленген шарларды қуалап ойнайды.

Ойын қайталанғанда, кейбір шарларды «пах» деп жарып жібереміз.

Шар, үрлен!

Үлкен болып үрлен!

Осы бетте қалып,

«Жарылма!», - деп әндетіп ойнайды.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Түске қолынды соз» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар зейіндерін дамытып, эмоциялық қалыпты жақсартты.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

Хаттама

Зерттеуші топ: Ортаңғы топ

Зерттеу уақыты: 16.05.2024

Балалар саны: 20

Қатысқандар: 15

Қатыспағандар: 5

Ойын: «Поезд» ойыны

Мақсаты: Баланың бағдарлану, бірлікке жұмыс жасауына, топта көңілді орта қалыптастыруына арналған.

Психолог: Сәлеметсіңдер ме, балалар? Бүгін сіздермен «Поезд» ойынын ойнаймыз. Кәне бәріміз пойызға жалғанған вагондарға мініп алып үлкен қалаларға сапар шегеміз. Ал, кәне кеттік. Вуп чик-чик, вуп чик-чик, вуп чик-чик.

2-3 рет айналып келген соң, балаларды шеңбердегі орындыққа отырғызып, сыйқырлы доп ойынын ойнаймыз.

Мен допты кімге ұсынсам, допты алған бала өз есімін айтып танысып аламыз. Барлық баламен осылай танысып шыққан соң, Рольдік гимнастика ойынын ойнаймыз.

Айнаға да қараймын,

Шашымды да тараймын.

Ерте тұрып азанда,

Мен мектепке барамын.

1. Осы шумақты айтады.

2. Өте жылдам автомат сияқты айтады

3. шетелдік тәрізді айтады

4. робот тәрізді айтады

5. сыбырлап айтады

6. өте жәй тасбақа сияқты айтады.

Психолог: Ой - й й Жарайсыңдар, балалар!

Енді балалар кәзір біз қорқақ қоян сияқты жүріп көрейікші.

Тренер көрсетеді,балалар қайталайды.

2.Қорқақ қоян, арыстан,сәби, қария сияқты жүреді.

3.Шегіртке,бақа,ешкі,маймыл тәрізді секіру

4.Тордағы құс, гүлдегі ара,атпен жүру кейпін келтіреді.

Психолог: балалар сендерге ойын ұнады ма?

Балалар: Ия,ұнады.Өте қызықты болды.

Психолог:Жарайсыңдар.Келесі кездескенше сау болыңыздар..

Қорытындысы:

Барлық балалар «Поезд»ойының қызыға ойнады.Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Зерттеуші:Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы:_____

Хаттама

Топтың аты: Ортаңғы топ
Тексерілген күні: 17.05.2024
Балалар саны: 20
Қатысқаны: 15
Қатыспағаны: 5
Әдістеме: «Ерекше іздер»

Мақсаты: елес, тактикалық сезімталдықты дамыту

Жабдықтар: Құмжәшік

Ойын барысы: «Қонжықтар келе жатыр» — бала жұмырдықтарымен және алақандарымен күшпен құмға басады.

«Қояндар секіреді» — бала әр түрлі бағыттарда қоғала отырып, саусақтарының ұшымен құм үстінен соғады.

«Жыландар жорғалайды» — бала босаңсыған/ тырысқан қол саусақтарымен құм үстін толқынды етеді (әр түрлі бағытта).

«Қоңыздар - өрмекшілер жүгіруде» — бала жәндіктердің қозғалысын ұқсастырып, барлық саусақтарымен қоғалтады («қоңыздар сәлемдесуде»- құм астында бір-бірінің қолдарымен кездестіріп, қолдарын толығымен құмға салуға болады).

«Крокозябла» — балалар құмда әр түрлі іздер қалдырады, осындай із қалдырған фантастикалық хайуан үшін есім ойлап табады (соңында осы хайуанның суретін салып және құм елінің тұрғыны етуге болады).

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы қатысты. Ортаңғы тобының белсенділігі сезімталдығы жақсы дамыған.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

2024 жылдың мамыр айына (20.05-24.05) арналған

педагог-психологтың циклограммасы IV- АПТА

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Психологиялық ағарту	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	«Мен және Біз» Ата-аналар Құжаттармен жұмыс
Сейсенбі Психологиялық ағарту	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	«Бес санын шапалақта» ойыны Ересек топ (4-5 жас) Құжаттармен жұмыс
Сәрсенбі Психологиялық ағарту	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	«Кім сені шақырады, тап» ойыны Ересек топ (4-5 жас) Құжаттармен жұмыс
Бейсенбі Психологиялық ағарту	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	«Өрқашан күн сөнбесін» Ортаңғы топ(3-4жас) Құжаттармен жұмыс
Жұма Психологиялық ағарту	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	«Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» Педагогтар Құжаттармен жұмыс

Хаттама

Қатысушылар: Ата-аналар

Зерттеу уақыты: 20.05.2024

Саны: 40

Қатысқандар: 22

Қатыспағандар: 18

Ойын: «Мен және біз»

Мақсаты: Тренингке қатысушылардың психологиялық денсаулықтарын сақтау, психоэмоционалдық жағдайларын өзгерте алу дағдыларын қалыптастыру, қызметкерлердің өмірге құштарлығын арттыру, өмір туралы ойларын білу. Мақсаткерлік, кешірімділік туралы ойларын жетілдіру.

Пайдаланылатын қажетті заттар: қалам, А4 парағы, қағаз майлық, ноутбук, тақтайшалар.

Барысы:

- Сәлемдесу (әр елдің сәлемдесуі, өз есіміңіз ұнайды ма, әркім өз есіміне эмблема жасау);
- Интеллектуалдық икемделгіштікті (лабильдікті) анықтау әдістемесі;
- Түрлі ойындар («Шашылған таяқшалар», «Екі сурет»);
- Педагогикалық жағдаяттар;
- Релаксация;
- Рефлексия «Шаттыққа толы жүрекпен».

Қорытындысы:

Ата-аналарға «Мен және біз» тақырыбында тренинг ойнатылды. Педагогтар ойынды қызықты ойнады. Тренинг барысында педагогтар өте белсенділік танытты.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

Тақырыбы: «Мен және біз».

Мақсаты: Тренингке қатысушылардың психологиялық денсаулықтарын сақтау, психоэмоционалдық жағдайларын өзгерте алу дағдыларын қалыптастыру, қызметкерлердің өмірге құштарлығын арттыру, өмір туралы ойларын білу. Мақсаткерлік, кешірімділік туралы ойларын жетілдіру.

Пайдаланылатын қажетті заттар: қалам, А4 парағы, қағаз майлық, ноутбук, тақтайшалар.

Барысы:

- Сәлемдесу (әр елдің сәлемдесуі, өз есіміңіз ұнайды ма, әркім өз есіміне эмблема жасау);
- Интеллектуалдық икемделгіштікті (лабильдікті) анықтау әдістемесі;
- Түрлі ойындар («Шашылған таяқшалар», «Екі сурет»);
- Педагогикалық жағдаяттар;
- Релаксация;
- Рефлексия «Шаттыққа толы жүрекпен».

1. Сәлеметсіздер ме, құрметті тәрбиешілер! Бүгінгі тренинг сабағымыз «Мен және бәріміз» деп аталады. Яғни, педагогтың өз-өзіне деген сенімділігін арттыруға бағытталған. Қазағымыздың ұлы ғұлама ақыны Абай Құнанбаев жырлағандай:

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді, ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Ақылың мен еңбегің екі жақтап.

Бір – бірімізбен сәлемдесеміз.

1. Есіміңіз сізге ұнай ма?
2. Есіміңіздің мағынасын айту, эмблема жасау.

Жаттығу: «Әр елдің сәлемдесуі»

Италияда бір-бірімен құшақтасып амандасады. Бразилияда бір-бірінің иығын қағады. Македонияда адамдар бір-бірімен шынтақтарымен амандасады. Корей халқы иіліп амандасады. Латино–американдықтар құшақтасады.

2. Интеллектуалдық икемделгіштікті (лабильдікті) анықтау әдістемесі.

Мақсаты: әр түрлі тапсырмаларды орындауға икемділікті, бір әрекеттен екіншіге ауысудың жеңілдігін және зейін аударуға қабілеттілікті зерттеу. Орындау ережесі: әдістеме жүргізу үшін тапсырмалар арнайы бланкке түсіріліп, зерттелінушілердің қолына беріледі де, орындау тәсілі түсіндіріледі.

Орындау ережесі: «Сіздерге, онша қиындығы жоқ, 40 тапсырма берілген. Олардың әрқайсын орындауға 2,3,4,5 секунд уақыт беріледі. Сол уақыттың ішінде тапқан жауаптарыңызды бланкінің номері аталған жеріне толтырасыздар. Тапсырмаларды тез және зейіндеріңізді жинақтап отырып орындаңыздар.» Мен сіздерге әр тапсырманы асықпай оқып беремін, орындау уақыты аяқталған соң, келесі тапсырма орындалады. Зерттелінушілер жауаптарын қолындағы бланкіге толтырып отырады.

3. Түрлі ойындар. «Шашылған таяқшалар» ойыны.

Мақсаты: педагогтардың ойлау, құрастыру қабілеттерін арттыру.

Шарты: ортаға әртүрлі пішіндегі тақтайшалар таратылады. Педагогтар екі топқа бөлінеді. Әр топ өзіне тиесілі тақтайшаларды құрастырып, сөйлем құрап шығаруы керек. Ойын музыка әуенімен ойналады.

«Екі сурет» ойыны.

Бір бет таза қағазды вертикаль бойымен сызық сызып, екіге бөліңіз. Сол жағына сізді көптен мазалаған, шешімін таба алмай жүрген мәселеңізді, сезімдеріңізді толтырған жағымсыз ойларды жазыңыз. Ішіңізден сол сөздерді айтып, денеңіздің оны қалай қабылдайтынын бақылаңыз (демалысыңыздың өзгеруі, бұршықеттеріңіздің жиырылуы, ауырпалықты сезінуіңіз т.б) Сол жағына күйзелісіңізге қатысты қарама-қарсы нандырушы сөздер жазыңыз. Негізгі міндет қазіргі жағдайыңыздың сондай нашар емес екендігін,өзіңіздің сана сезіміңізді сендіру болып табылады. Ішкі құрлысыңызды ең жақсы сезімге толтырып, құмартушы, белсенді, дүниеге сеніммен қарайтын адамға айналыңыз. Сол жағында жазылған жағымсыз сөздерді жыртып немесе өртеп, ал оң жағыңыздағы жазылған сөздерді әрдайым өзіңізде сақтағаныңыз жөн.

4. Педагогикалық жағдаяттар.

1. Бала тәрбиешімен әңгімелесіп тұрып: «Сіз меннен көрі басқа балаларға жақсы қарайсыз, сіз Жаннұрды жақсы көресіз, неге апай?» тәрбиеші ретінде не деп жауап бересіз?
2. Есіктен кіріп кележатқан тәрбиешіні көріп, бала: «Апай сізге не болды, көңіл-күйіңіз жоқ па, әлде шаршап тұрсыз ба?» тәрбиеші әрекеті.....
3. Інжу мен Кәусар қарым-қатынасының нашар екенін көрсете отырып: «Мен онымен ойнағым келмейді, қасында да отырмаймын», - деді.Сіздің жауабыңыз.....
4. Тәрбиеші балаға тапсырма берді. Бала берген тапсырманы орындағысы келмей: «Сурет салмаймын», - деді. Тәрбиеші әрекеті....
5. Тобыңызда әр қашан көңіл күйі жарқылдап жүретін, сабаққа белсенді қатысатын балаңыздың көңіл күйі жоқ. Сіздің әрекетіңіз.....
6. Бала тәрбиешімен әңгімелесіп тұрып: «Сіздің басқа балаларға қарағанда маған жақсырақ көңіл бөлгеніңізді қалаймын», - деді. Сіздің жауабыңыз.....
7. Тобыңыздағы баланың атасы сізге күнде бір ескертпе айтып келеді. Жаман сөздер айтып балағаттайды, «Жұмыстан шығартамын», - деп қорқытады Сіздің әрекетіңіз.....
8. Бала анасынан айырылмай жылап тұрады. Сіздің әрекетіңіз.....

5. Релаксация: (Баяу музыка әуені ойналады)

Көзімізді жұмамыз. Денемізді бос ұстаймыз. Сіздер өзен жағасында отырсыздар. Судың әуелгі шуағын құлағыңызға жағып, күн шуағын құлағыңызға жағып, күн шуағын денеңізді қыздырып барады. Сіз орындарыңыздан тұрып, ыстық құмның үстімен жалаң аяқпен жүріп келесіз. Ыстық құм аяқтарыңызды күйдіріп барады. Сіз салқын су ішіп денеңізді жеңілдетіп, өзіңізді жақсы сезінесіз. Жан-жағыңызға қараңыз, өте әдемі

көрініс көріп отырсыз. Қандай ғажап табиғат, таза ауа, жұмсақ құм. Кең дем алып, ақырындап демімізді сыртымызға шығарамыз. Біздің басымыз артық ойлардан тазарады. Біз бойымызға күні бойға жетер жігер, қуат жинадық, біздің көңіліміз қуанышты. Біз осы өмірдегі ең бай, байсалды, білімді керемет жандармыз!

6. Рефлексия. «Сезімге толы жүрекпен!» Әр қатысушы жапсырмалы қағазға бүгінгі тренингтен алған жақсы әсерін немесе тілегін жазып жүрекшенің ішіне жапсырады. Ойларын ауызша айтуға да болады. Назарларыңызға үлкен рахмет!!!

Хаттама

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 21.05.2024

Балалар саны: 20

Қатысқандар: 15

Қатыспағандар: 5

Әдістеме: «Бес санын шапалақта» ойыны

Мақсаты:

Беске дейін санап және әрекетті психологтың ұсынысы бойынша орындап үйрету.

Ойын барысы:

Ойында екеулеп және топпен ойнауға болады. Психолог балаға қарама-қарсы отырып айтады «қазір мен 5 дейін санаймын «бес» деген кезде сен бір рет шапалақтайсың».

Қорытындысы:

Балалар «Бес санына шапалақта» ойынын қызыға ойнады. Балалар 5-ке дейін санауды үйренді. Ойын барысында балалар белсенділік танытты.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

Хаттама

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 22.05.2024

Балалар саны: 20

Қатысқандар: 15

Қатыспағандар: 5

Әдістеме: «Кім сені шақырады, тап» ойыны

Мақсаты:

Басқа адамды дауысынан танып үйрету.

Құрал: Доп

Ойын барысы:

3 адамнан кем адам қатыспайды. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады. Психолог көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады-шақырған бала ортаға тұрады.

Қорытындысы:

Ересек тобы «Кім сені шақырады, тап» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында белсене қатысты.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

Хаттама

Зерттеуші топ: Ортаңғы топ

Зерттеу уақыты: 23.05.2024

Балалар саны: 20

Қатысқандар: 16

Қатыспағандар: 4

Әдістеме: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: Қарым-қатынасын дамыту

Нұсқауы:

Тақтаға бұлт басқан күннің суреті ілінеді, әр бұлтта тапсырмалар берілген. Соларды орындау барысында күннің көзі ашылады.

Қорытындысы:

Ортаңғы топ «Әрқашан күн сөнбесін!» ойыны ойнатылды. Балалар ойын барысында белсене қатысты. Балалар тақтада тұрған тапсырмаларды орындады.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

Хаттама

Қатысушылар: Педагогтар

Зерттеу уақыты: 24.05.2024

Саны: 8

Қатысқандар:8

Қатыспағандар:

Ойын: «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»

Мақсаты: Педагогтардың бойындағы эмоциясын шығару, қарым – қатынасты нығайту, қиын жағдайдан шыға білуге және өзін – өзі тануға баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, стикер, слайд, теннис добы, ақ парақ, ағаш суреті

Уақыт форматы: 30 минут.

Ұйымдастыру кезеңі:

I. Педагогтармен сәлемдесу.

II. Көңіл-күйлерін сұрау.

III. Тренинг ережесімен таныстыру.

IV. Топтарға бөлу

Тренинг ережесі:

- Тыныштықты сақтау;
- Уақытты тиімді пайдалану;
- Белсенділік;
- Бір-бірімізге сын айтпау;
- Шығармашылық;
- Қол шапалақтау.

Күтілетін нәтиже:

- Өзіне пайдалы ұғымды алады
- Өзін-өзі еркін ұстай білуге үйренеді
- Айналамен қарым-қатынас жасайды
- Өз бойындағы жаман қасиеттерді жеңе біледі
- Өз ойын ашық айта алады

Қорытындысы:

Педагогтарға «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тақырыбында тренинг ойнатылды. Педагогтар ойынды қызықты ойнады. Тренинг барысында педагогтар өте белсенділік танытты.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Зерттеушінің қолы: _____

Педагогтарға арналған психологиялық тренинг
Тақырыбы: «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»

Мақсаты: Педагогтардың бойындағы эмоциясын шығару, қарым – қатынасты нығайту, қиын жағдайдан шыға білуге және өзін – өзі тануға баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, стикер, слайд, теннис добы, ақ парак, ағаш суреті

Уақыт форматы: 30 минут.

Ұйымдастыру кезеңі:

- I. Педагогтармен сәлемдесу.
- II. Көңіл-күйлерін сұрау.
- III. Тренинг ережесімен таныстыру.
- IV. Топтарға бөлу

Тренинг ережесі:

- Тыныштықты сақтау;
- Уақытты тиімді пайдалану;
- Белсенділік;
- Бір-бірімізге сын айтпау;
- Шығармашылық;
- Қол шапалақтау.

Күтілетін нәтиже:

- Өзіне пайдалы ұғымды алады
- Өзін-өзі еркін ұстай білуге үйренеді
- Айналамен қарым-қатынас жасайды
- Өз бойындағы жаман қасиеттерді жеңе біледі
- Өз ойын ашық айта алады

I . «Амандасу» жаттығуы.

Қазақтар-қол алысады

Италияда-құшақтасады

Бразилияда йық қағады

Жапонияда –бір-біріне иіледі

Жаңа Зеландияда - мұрнымен амандасады

Македонияда –шынтақпен

Тай елінде –екі алақанын түйістіріп, бастарына қойып, содан кейін «Савани» деп айтады

(2 минут)

Жүргізуші: Сіздерді үш топқа бөлеміз. I топ-раушан гүлі, II топ –түймедақ, III топ – бәйшешек. Қатысушыларға гүлдің суреті бар қағаздар таратылады.

II. «Ақ және қара айна» тренингі. «Бәйшешек» тобы ортаға шақырылады. Қатысушылар ақ айнаға барып өзінің жақсы жақтарын, армандарын,

тілектерін айтады. Қара айнаға барып өзінің бойындағы жағымсыз мінездерін айтады.

Талдау: Жаттығу қиын болды ма? Қиын болса қай жерінде қиын болды?

III. «Құбырдан су ағызу» ойыны.

Құралдар : А4 парақ, үстел тенісінің добы.

Бұл ойынға «Раушан гүл» тобын шақырамыз. Топ шеңберге тұрып, қолдарындағы парақшалармен құбыр жасайды және құбырдан кедергісіз суды ағызады. (5 минут)

IV. «Жалғыз аяқ жол» жаттығуы. Бұл ойынға «Түймедақ» тобын шақырамыз. Барлық ойыншылар бірінің артынан бірін тұрғып, бір-бірінің белдерінен ұстайды.

Жүргізуші: «Құрметті әріптестер, біздің белгісіз бір жерде орманға тап болдық! Біз орманда адасып жүрміз. Орман жолдары қиындықтарға толы екен. Қазір бәрің бірдей келесі қимылдарды орындайсыңдар:

- Келе жатсыңдар, жан-жақтарыңда ит тұмсығы өтпейтін ағаштардың жапырақтары шытырлайды, құстар өлең айтады, жасыл шөптер суылдайды (ойыншылар жан-жақтарына қарайды, құлақтарын түріп, дыбыстарды естуге тырысады).
- Алдарыңда шалшық кезіктіңдер, «Бір шалшық!», «Екі шалшық», «Үш шалшық!» (секіреді, аттап өтеді);
- Асығып келе жатсыңдар;
- Алдарыңнан ағып жатқан өзен көрінді, оның үстінен көпір салынған (көпірдің ағаштарынан ұстанып эзер өтеді).
- Дөңгелектерге кез болдыңдар: «Бір дөңгелек», «Екі дөңгелек!», «Үш дөңгелек!» (секіріп өтеді);
- Батпақ жерлерге кезіктіңдер (аяқтарын әрең алып, зорға өтеді);
- Ойға тірелдіңдер, жатқан ағаш арқылы өту керек (тізбектеліп ақырын өтеді);
- Аяқтарыңды шық түскен шөп сулап тастады (аяқтарын сілкиді);
- Алдарыңа үлкен ағаш құлады (одан аттап өтеді);
- Айдын шалқар көлге кезіктіңдер (айналып өтеді).

Міне, осы көлдің ар жағынан сіздер №8 мектебін қайта таптыңыздар. Мен барлық қиындықтарға мойымағандарыңыз үшін рахмет айтамын. Өмірлеріңізде қиындықтар болмасын, болмашы кедергілерді қайраттылықпен жеңулеріңізге тілектеспін.

V. Қорытынды: Тренингке қатысушыларға стикер беріледі. Бір-бірлеріне, мектебімізге ыстық тілектерін және бүгінгі тренинг туралы ойларын, қандай көңіл-күйде болғандарын, тренингтен алған әсерлерін жазып, ағашқа жабыстырады. Сөйлем басы «Бүгін мен ...» немесе «Бүгін маған» -деп басталады. Барлығы жазып болғасын жазылған тілекті оқиды. Қағазды жыртып, мектепке естелікке қалдырады.

Қатысушылар бір-бірлеріне тілеген тілектері орындалсын деп қошемет көрсетіп (қол соғып) тренингті аяқтайды.

2024 жылдың мамыр айына (27.05-31.05) арналған

педагог-психологтың циклограммасы V- АПТА

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Психодиагностикалық бағыт	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	«Ойыншықтар» Ортаңғы топ(3-4жас) Құжаттармен жұмыс
Сейсенбі Психодиагностикалық бағыт	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	«Жасырынған заттар» Ересек топ (4-5жас) Құжаттармен жұмыс
Сәрсенбі Психодиагностикалық бағыт	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	«Жүк машинасы» Ересек топ (4 -5жас) Құжаттармен жұмыс
Бейсенбі Психологиялық ағарту	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	«Көңіл-күйді көтеретін қағаз» Балабақша қызметкерлері Құжаттармен жұмыс
Жұма	08.30-09.00 09.00-12.00 12.00-13.00	Мамыр айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару Құжаттармен жұмыс

